

**ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА
ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА
THEORETICAL LINGUISTICS**

Мақала/Статья/Article
FTAMP 16.21.45

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-12-27>

Шерубай Құрманбайұлы

филология ғылымдарының докторы, профессор, академик,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-4587-4452 E-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ СӨЗЖАСАМ ТӘЖІРИБЕСІ: АҢ-ҚҰС, ЖАНУАР АТАУЛАРЫ
(А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ, Т. ШОНАНҰЛЫНЫҢ «ОҚУ ҚҰРАЛЫ» (1927) НЕГІЗІНДЕ)**

Андатпа. Мақалада А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлы бірлесіп жазған «Оқу құралы» атты еңбегіндегі аң-құс, жануарлар атауларының жасалу жолдары мен қолданысы қарастырылады. XX ғасыр басында еңбек еткен қазақ оқығандарының түрлі ғылым салалары терминдерін жасаумен бірге, қазақ жерінде мекендемейтін түрлі жан-жануар мен аң-құс атауларын да жасағаны оқу құралынан алынған нақты тілдік деректер негізінде дәлелденеді. Оқу құралындағы сол кезеңде жасалған аң-құс, жануарлар атаулары іріктеліп алынып, олардың қалай жасалғаны, қай атаудың қазақша баламасы екені анықталады. Оқу құралындағы атаулардың авторлық қолданыс деңгейінде қалып қойғандары мен жалпылексикалық қорға енгендері айқындалады. Өткен ғасыр басындағы алғашқы жасалған атаулар мен олардың өзгеріске ұшырай отырып қолданысқа енген кейінгі нұсқалары салыстырылып көрсетіледі. XX ғасыр басында Америка, Еуропа, Африка, Азия мен Аустралия құрлықтарын мекен ететін жануарлар атауларының қазақшасын жасауда қазақ оқығандарының калька тәсіліне жиі жүгінгеніне назар аударылады. Қазақ тіл білімінде калькалау сөзжасам тәсілі ретінде осы кезеңде белсенді түрде пайдаланыла бастаған деген тұжырым жасалады. Аң-құс, жабайы жануарлардың қазақша атауларын жасау қазақ оқығандары сөз шығармашылығының бір ерекше қыры екені көрнекті ғалымдар еңбектерінен алынған нақты тілдік деректер негізінде жан-жақты талданып, бұл құбылыстың басты себептері аталады. Лингвист ғалымдар А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлы оқу құралындағы жаңа сөздер мен терминдерді жасауда, кірме сөздер мен терминдерді аудару, жазу кезінде 1924 жылғы білімпаздар съезінде бекітілген ғылыми қағидаттарды басшылыққа алғаны атап айтылады.

Тірек сөздер: XX ғасыр басы; Алаш қайраткерлері; зоонимдер; аң-құс; сөзжасам.

Сілтеме жасау үшін: Құрманбайұлы Ш. XX ғасыр басындағы сөзжасам тәжірибесі: аң-құс, жануар атаулары (А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлының «Оқу құралы» (1927) негізінде). *Tiltanyt*, 2026. №2 (102). 12-27-66.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-12-27>

Шерубай Құрманбайұлы

доктор филологических наук, профессор, академик,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-4587-4452 E-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

**ОПЫТ СЛОВООБРАЗОВАНИЯ НАЧАЛА XX ВЕКА:
НАИМЕНОВАНИЯ ЖИВОТНЫХ И ПТИЦ (НА МАТЕРИАЛЕ «ОҚУ ҚҰРАЛЫ» (1927)
А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ И Т. ШОНАНҰЛЫ)**

Аннотация. В статье рассматриваются способы образования и особенности употребления наименований животных и птиц, представленных в учебном пособии «Оқу құралы» (1927), составленном А. Байтұрсынұлы и Т. Шонанұлы. На основе конкретного языкового материала доказывается, что казахские просветители начала XX века не только разрабатывали терминологию различных отраслей науки, но и создавали казахские наименования животных и птиц, не обитающих на территории Казахстана. В статье проводится отбор и анализ указанных единиц, выявляются их словообразовательные модели, определяется, какие из них являются казахскими эквивалентами заимствованных понятий. Устанавливается соотношение между авторскими номинациями, оставшимися на уровне индивидуального употребления, и единицами, вошедшими в общезыковую лексический фонд. Также осуществляется сопоставление ранних номинаций начала XX века с их позднейшими вариантами, закрепившимися в современном употреблении. Особое внимание уделяется активному использованию калькирования как одного из ведущих способов номинации животных, обитающих в Америке, Европе, Африке, Азии и Австралии. Анализ языковых данных показывает, что создание казахских наименований животных и птиц являлось важным

направлением словообразовательной деятельности казахской интеллигенции начала XX века. Анализ материала позволяет заключить, что в казахском языкознании данного периода калькирование начинает активно использоваться как способ словообразования. На основе конкретных языковых данных, представленных в трудах видных учёных, исследуется создание казахских названий птиц, животных и диких зверей как одно из важных направлений словотворческой деятельности казахской интеллигенции, а также раскрываются основные причины данного явления. Установлено, что учёные-лингвисты Ахмет Байтұрсынұлы и Телжан Шонанұлы при создании новых слов и терминов в учебных пособиях, а также при переводе и написании заимствованных слов и терминов руководствовались научными принципами, утверждёнными на съезде казахских ученых 1924 года.

Ключевые слова: начало XX века; деятели движения «Алаш»; зоонимы; птицы и животные; словообразование.

Для цитирования: Курманбайұлы Ш. Опыт словообразования начала XX века: наименования животных и птиц (на материале «Оқу құралы» (1927) А. Байтұрсынұлы и Т. Шонанұлы). *Tiltany*, 2026. №2 (102). С. 12-27. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-12-27>

Sherubai Kurmanbaiuly

Doctor of Philological Sciences, Professor, Academician,
Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-4587-4452 E-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

WORD-FORMATION PRACTICES OF THE EARLY 20TH CENTURY: ANIMAL AND BIRD NAMES (BASED ON “OQU QURALY” (1927) BY A. BAITURSYNULY AND T. SHONANULY)

Abstract. The article examines the word-formation mechanisms and usage patterns of animal and bird names presented in the textbook *Oqu quraly* (1927), authored by A. Baitursynuly and T. Shonanuly. Based on empirical linguistic data, the study demonstrates that Kazakh intellectuals of the early twentieth century not only developed terminology for various scientific domains but also created Kazakh equivalents for animal species not native to the Kazakh steppe. The study identifies and analyzes selected lexical units, determines their word-formation models, and establishes which of them function as Kazakh equivalents of borrowed concepts. It further distinguishes between author-specific nominations and those that have entered the general lexical system of the Kazakh language. A comparative analysis is conducted between the early 20th-century coinages and their later standardized forms currently in use. Particular attention is paid to calquing as a dominant strategy in naming animal species inhabiting different continents, including America, Europe, Africa, Asia, and Australia. The findings demonstrate that the creation of animal and bird names constitutes a significant dimension of early Kazakh intellectuals' lexical innovation and contributes to the development of national scientific terminology. It was concluded that, during this period, calquing began to be actively used in Kazakh linguistics as a method of word formation. Based on specific linguistic data drawn from the works of prominent scholars, the creation of Kazakh names for birds, wild animals, and other fauna is comprehensively analyzed as a distinctive aspect of the lexical creativity of the Kazakh intelligentsia, and the main reasons for this phenomenon are identified. It is noted that the linguists Akhmet Baitursynuly and Telzhan Shonanuly, when creating new words and terms in educational materials, as well as when translating and writing borrowed words and terms, were guided by the scientific principles approved at the 1924 Congress of Kazakh Educators.

Keywords: early 20th century; figures of the Alash movement; zoonyms; birds and animals; word-formation.

For citation: Kurmanbaiuly, Sh. Word-Formation Practices of the Early 20th Century: Animal and Bird Names (Based on “Oqu Quraly” (1927) by A. Baitursynuly and T. Shonanuly). *Tiltany*, 2026. No.2 (102). Pp. 12-27. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-12-27>

Кіріспе

Ахмет Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлының орта мектептің 3-4 жылдық оқу бағдарламасына арналып жазылған «Оқу құралы» еңбегінің екінші басылымы 1927 жылы Қызылордада жарық көрді. Бұл еңбек А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлының кейінгі жылдары кирилл әліпбиіне көшіріліп шығарылған жинақтарына да енді. Жинақтағы мәтіндердің бірқатарының авторлары көрсетілсе, енді бірқатарының авторлары көрсетілмеген. Біз мысалға алып отырған Азия, Европа, Африка, Америка табиғаты, аң-құстары туралы жазылған мәтіндердің авторлары көрсетілмеген. А. Байтұрсынұлының 2023 жылы жарық көрген 5 томдық шығармалар жинағына енген осы оқу құралы туралы жазған Ә. Ахмет те, 2015-2017 жылдары баспа бетін көрген Т. Шонанұлының бес томдық шығармалар жинағын құрастырып, түсініктерін жазған О. Жұбаева да оқу құралындағы Азия, Европа, Африка, Америка деп аталған шағын мәтіндердің кімге тиесілі екенін атап көрсетпейді. Яғни бұл мәтіндерді оқу құралы

авторларының өздері жазды немесе аударды деген болжам жасауға болады. Ал нақты қай автордың жазғанын немесе аударғанын дәлелдейтін дерек-дәйек әзірге табылмады.

Алаш қайраткерлерінің тілдік мұрасын тек грамматикалық немесе стильдік қырынан ғана емес, сөзжасам тәжірибесі тұрғысынан қарастыру да ерекше маңызды. Себебі XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары – тек дайын сөздік қорды пайдаланушы ғана емес, жаңа ұғымдарға атау беруші, ұлттық ғылыми тілдің негізін қалаушы тұлғалар.

Ахмет Байтұрсынұлының ондаған тіл, әдебиет және әдістеме терминдерін жасағанын филолог мамандар, алаштанушы, ахметтанушы ғалымдар жақсы біледі. Оған қоса ғалымның тек өзі оқулықтар жазған пәндердің терминдерін жасаумен қатар, білім беру, қоғамдық-саяси лексика мен педагогика салаларының да қазақша атауларын жасағаны белгілі. А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлы сияқты қазақ оқымыстыларының мұрасын зерделеу барысында бұл еңбектерде терминдерден бөлек авторлар қаламынан туындаған аң-құс атаулары да бар екендігі анықталып отыр. Мұны XX ғасыр басында еңбек еткен ұлт білімпаздары шығармашылығының тағы бір ерекше қыры десек болады. Алайда осы уақытқа дейін зерттеушілер тарапынан ондай атауларға назар аударыла қоймапты. Сол себепті осы мақалада А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлының «Оқу құралы» атты еңбегіндегі аң-құс, жануарлар атаулары туралы арнайы сөз болады.

Тіл білімінде лексиканың бір бөлігі ретінде ономастика, лексикология, этнолингвистика, терминтану салалары тұрғысынан қарастырылатын зоонимдер, орнитонимдер мен офионимдер негізінен сол аң-құс, жануарлар мекен ететін жерде тұратын халықтардың дүниетанымымен байланысты туындайды. Сөз болып отырған оқу құралындағы *ехидна*, *лемминг*, *гну*, *колибри*, *зебу*, *дюгонь* сияқты аң-құс, жануарлардың басым бөлігі қазақ жерінде кездеспейді. Соған қарамастан авторлар олардың қазақша атауларын қолданады. Қазір көптеген лингвистер мен биологтар мұндай атауларды ұлт тіліне аударудың қажеті жоқ деп санайды. Ал XX ғасыр басында қазақ оқығандары олардың қазақша баламаларын жасаған немесе тілге бейімдеп алған. Олардың бұл ұстанымы айрықша назар аудартады. Бұл ұстаным иесі, аталған сөздердің авторы, қазақ тіл білімінің негізін қалаған аса көрнекті ғалым А. Байтұрсынұлы мен ірі оқымысты Т. Шонанұлы сияқты таңдаулы тілдік тұлғалар болуы мәселенің мәнін одан да арттыра түседі. Сонымен қатар бұл атаулар – XX ғасыр басындағы әдеби тіл ерекшелігін, сөзжасам тәжірибесін де көрсететін құнды тілдік деректер. Қарастырылып отырған мәселе әдеби тіл дамуының кезеңдік ерекшелігін, оның лексикалық қорында болған өзгерістерді, көрнекті ғалымдардың сөзжасам тәжірибесін зерттеу тұрғысынан да өзекті.

Мәтіндегі аң-құс атауларының елеулі бөлігі қазіргі тілде қолданылмайды. Олардың қай аң мен құсқа берілгендігі белгісіз болғандықтан, алдымен, мәтіннен алынған мысалдардағы атаулардың қандай аң-құсқа берілгендігі анықталады. Одан соң олардың қалай жасалғандығы және орыс тіліндегі қай сөздің баламасы ретінде алынғандығы айқындалады. Оқу құралындағы мәтіндердің дені орыс тіліндегі ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттерге сүйеніп жазылып немесе аударылғандықтан, анықталған орысша атаулар жақша ішінде берілді. Аң-құс атауларының көбі орыс тіліндегі үлгісіне сәйкес калькалау тәсілімен жасалған. Бұл алаш оқығандарының XX ғасыр басында кальканы сөзжасам тәсілі ретінде іске қосып, жиі пайдаланғанын айғақтайды. Мақалада оқу құралындағы атаулардың сөздік құрамға енген-енбегендігі, қазіргі тілде қай нұсқасының қолданылатыны да көрсетілді.

Бұл зерттеу Алаш қайраткерлерінің мұрасын тереңірек тануға, сондай-ақ қазақ әдеби тілінің даму тарихын нақты деректер негізінде айқындауға мүмкіндік береді. Өткен ғасыр басында жасалған атаулар – қазақ тілі сөзжасамының, терминжасамының тарихы мен теориясын, практикасын толықтыратын тұжырымдар жасауға негіз болатын құнды тілдік-тарихи деректер.

Материал және әдістер

XX ғасыр басындағы қазақ тіліндегі сөзжасам тәжірибесін көрсететін дереккөз, зерттеудің негізгі материалдық базасы ретінде А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлының 1927 жылы жарық көрген «Оқу құралы» атты еңбегі алынды. Осы оқу құралында кездесетін аң-құс пен жануарлар атаулары іріктеліп алынып, олардың ішіндегі сол кезеңде жасалғандары анықталды. Бұл негізгі дереккөзден бөлек XX ғасыр басында жарық көрген Халел Досмұхамедұлының «Жануарлар»

атты еңбегі мен «Қазақша-орысша тілмаш», «Пән сөздері» сияқты сөздіктер де қосымша дереккөз ретінде пайдаланылып, бұл еңбектердегі сөз болып отырған тақырыпқа қатысты тіл бірліктері салыстырыла талданды.

Зерттеу кезінде XX ғасыр басында жасалған аң-құс, жануар атаулары қазіргі әдеби тіл сөздіктері мен салалық сөздіктерде, зоология оқулықтарында бүгінгі уақытта қолданылып жүрген атауларымен салыстырылды. Соның нәтижесінде олардың қолданыстан шығып қалған *сасықша, шұбарша, салдырлауық жылан* іспетті нұсқалары мен қазіргі әдеби тілде тұрақты қолданылатын *мүйізтұмсық, үйректұмсық, керік* сияқты атаулар атап көрсетілді.

Мақала жазу барысында бірқатар белгілі зерттеу әдістері пайдаланылды. Ең алдымен, зерттеу тақырыбына қатысты тіл деректері жинақталып алынып, сипаттамалы әдіс арқылы олардың жасалу жолдары, қолданыс ерекшеліктері сипатталды. Одан соң салыстырмалы-тарихи әдіс жолымен аң-құс атауларының XX ғасыр басы мен қазіргі қолданыстағы нұсқалары салыстырылып, олардың өзгеріске ұшырауы мен әдеби тілде орнығуының негізгі себептері айқындалды. Сондай-ақ зерттеу барысында сөзжасамдық талдау әдісі арқылы жаңа сөз туғызуда алаш оқымыстыларының калькалау, семантикалық уәждеу мен кірме сөздерді бейімдеу сияқты тәсілдерін, сөзжасам үлгілерін пайдаланғаны анықталды. Бұлардан бөлек өткен ғасыр басында жасалған атаулардың уәжділігін, мағыналық дәлдігін анықтау кезінде семантикалық талдау және сөз болып отырған атаулардың эзербайжан, қырғыз, өзбек, түрік және т.б. туыстас түркі тілдердегі қолданысын да қарастыру үшін салыстырмалы типологиялық әдістер де қажетіне қарай пайдаланылды. Бұл әдістерді қолдану арқылы атаулардың негізгі айырмашылықтары мен ортақ белгілері, туысқан халықтардың сөз жасау үдерісіндегі ұқсастықтары мен өзгешеліктері, терминқор қалыптастырудың сыртқы көздерін пайдаланудағы ұстанымдары айқындалды.

Арада жүз жыл уақыт өткендіктен XX ғасыр басында жазылған әдебиеттерде қолданылған атаулардың арасында бірқатарының қай аң мен құсты, жануарды білдіретіні айқын болмады. Соларды анықтау үшін контекстік талдау әдісі де ішінара пайдаланылды. Осылайша тарихи мәтіндердегі қазіргі тіл тұтынушыларына белгісіз, мағыналары көмескі тартқан сөздердің мағынасын ашып, білдіретін ұғымын айқындауға мүмкіндік туғызды. Осындай зерттеу әдістерін ретіне қарай қолдану XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының сөзжасам тәжірибесіне тереңірек үңіліп, олардың еңбектерінде қолданылған атаулардың мәнін ашуға септігін тигізді.

Әдебиетке шолу

XX ғасыр басындағы жазба тіл жан-жақты сипатталып, Алаш білімпаздарының мұрасы тілдік тұрғыдан барлық қырынан зерттеліп болды дей алмаймыз. Алаш мұрасы 80-жылдардың соңында қайта жарық көріп, 90-жылдардың басынан бастап ғылыми айналымға еніп, зерттеле бастады. Сол уақыттан бері Алаш мұрасын зерттеуге арналған көптеген ғылыми мақалалар, монографиялар жарық көріп, диссертациялар жазылды. Солай бола тұрса да Алаш қайраткерлерінің тілін, XX ғасыр басындағы ұлт тілінің жай-күйін, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Т. Шонанұлы мен басқа да білімпаздардың әдеби тілді қалыптастырудағы тарихи қызметі мен ғылыми ізденістерін әр қырынан зерделеу әлі де өзекті.

Қазақ тілінің XV – XIX ғасырлардағы дамуы, тілдік құрылымы мен жүйесі едәуір жақсы зерттелген. Әдеби тіл тарихын зерделеуде бұл бағытта жүргізілген І. Кеңесбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, Р. Сыздық, Т. Қордабаев, Ә. Құрышжанұлы, Қ. Өмірәлиев, С. Исаев, Ш. Сарыбаев, Е. Жанпейісов, Б. Әбілқасымов сияқты белгілі тілші-ғалымдар зерттеулерінің маңызы айрықша. 1960 жылдары жарық көрген «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері» атты жинақта да тіл тарихына қатысты құнды ғылыми деректер бар. Кейінгі кезеңде әдеби тіл тарихына арналған Е. Жұбанов, Б. Момынова, Ғ. Қалиев пен Г. Боранбаева, Г. Хамзина еңбектері бұл бағыттағы зерттеулерді толықтыра түсті.

XX ғасырдың басынан 1930-ыншы жылдарға дейінгі кезеңдегі қазақ тілінің даму ерекшеліктері мен стильдік тармақтарының қалыптасуы Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, С. Исаев, Б. Әбілқасымов, Е. Жанпейісов, Н. Қарашева т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып, бұл дәуірдің тілдік сипаты жөнінде маңызды ғылыми тұжырымдар жасалды.

Қазіргі уақытта да Алаш қайраткерлерінің тілін әр қырынан зерттеу жалғасып, олардың шығармалары терминдік, грамматикалық, поэтикалық, фонологиялық және синтаксистік

тұрғыдан қарастырылуда. Бұл бағытта Ж. Жақыпов, О. Жұбаева, М. Жүсіпов, Ш. Мәжітаева және басқа да зерттеушілердің еңбектері маңызды орын алады. Сонымен бірге Б. Момынова, Б. Шалабай, С. Сапина, Ж. Рапишева зерттеулері жекелеген жанрлардың тілдік ерекшеліктерін айқындауға бағытталды. Алаш басылымдарының тілін зерттеу ісі Қ. Сақ пен О. Жұбаева еңбектерінде жалғасып, осы кезеңге қатысты бірқатар кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды.

Осындай зерттеулер жүргізілгеніне қарамастан, XX ғасыр басындағы ұлт тілі толық зерттеліп болды деуге болмайды. Бұл, ең алдымен, XX ғасыр басындағы Алашорда өкілдері мен саяси тұлғалардың тілін, мұраларын зерттеуге ұзақ уақыт бойы қойылған шектеулермен байланысты болғаны белгілі. XX ғасырдың бас кезінде шығармашықпен айналысқан жекелеген қаламгерлердің тілі зерттелгенімен, бұл кезеңдегі барлық тұлғалардың тілдік мұрасы әлі тұтастай қамтыла қойған жоқ. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеулер әлі жалғаса бермек.

Нәтижелер және талқылау

Аң атаулары. Жолақ құлан (зебра). «Хайуандардың арасында көзге әсіресе түсерлігі: керік, жолақ құлан, бегемот, түйеқұс» (Байтұрсынұлы, 2023: 451), – деген сөйлемдегі «жолақ құлан» – зебраның қазақша атауы. Оған ат берушілер, ең алдымен, Африка құрлығын мекен ететін жабайы жануардың жылқы тұқымдасына жататынын, оның ішінде қазақ даласын жайлайтын құланға, аңыз-жырларға арқау болған керкұланға ұқсайтынын анықтап алған. Одан соң оны өзге жануарлардан ажырататын ерекшелігі ескерілген. Ондай сипат – аңның түсі деп танылған. Хайуан атауы оның түсіне, денесіндегі көзге бірден түсетін ақ-қара жолақтарына қарай берілген. Ат қоюда түз тағысын өзге жылқы тұқымдастардан, керкұланнан айрықшалайтын басты белгі оның түсі деп ұйғарылған. Затқа, ұғымға ат беру (номинация) үдерісіндегі оның негізгі белгілерін тап басып тану тұрғысынан қарағанда ондай белгілер өте дәл анықталған. Ендеше атау сәтті жасалған деуге негіз бар. Дәл сол кезеңде жазылған еңбегінде Х. Досмұхамедұлы бұл жануарды *онағыр, зйібір, гуагі (дау гуагі)* деп атайды (Досмұхамедұлы, 2017: 168). «Еңбекші қазақ» газетінің 1930 жылғы №79 санындағы «Осы пән атаулары дұрыс па?» атты жазбада *зебраға* «ала құлан» баламасы берілген (Терминология мәселелері, 2005: 200). Қазір бұл хайуанның *зебра* атауы жиі қолданылады. Сонымен қатар *ала құлан* деген XX ғасыр басында жасалған қазақша баламасы да жарыса жұмсалады. Алайда бүгінгі түркі тілдерінің барлығында бұл атаудың төл баламасы орнықпай, «зебра» атауы қолданылып отыр.

Керік (жираф). «Хайуандардың арасында көзге әсіресе түсерлігі: *керік*, жолақ құлан, бегемот, түйеқұс» (Байтұрсынұлы, 2023: 451). Бұл атау 20-жылдардан кейін қолданылмады. Кеңестік кезеңдегі әдебиеттерде негізінен «жираф» сөзі қолданылады. Мәселен, 1954 жылы академик Н. Сауранбаевтың редакторлығымен жарық көрген сөздікте «жираф» деп беріледі (Сауранбаев, 1954: 185). Сондай-ақ бірқатар әдебиетте «керік» деп ертеде қазіргі мүйізтұмсықты (носорог) атағаны айтылады. Х. Досмұхамедұлы да XX ғасыр басында шығарған еңбегінде *носорогті – керік (жалқы мүйіз)*, ал *жирафты – зйірәне* деп береді (Досмұхамедұлы, 2017: 170, 186). XX ғасыр басында шыққан «Атаулар сөздігінде» *жирап* атауы тіркелген (Атаулар сөздігі, 2004: 59). Ал бұл атаудың түрік тілдеріндегі қолданысына келсек, қырғыз, татар, башқұрт тілдерінде орыс тіліндегі нұсқаға жақын «жираф», ал түрік, эзербайжан тілдерінде араб тіліндегі бастапқы тұлғасына жақын «zürafa» және өзбек, түрікмен тілдерінде «jirafa/ziraf» тұлғалары қолданылады.

Қырғыз тілі сөздігін түзуші К. Юдахин *керик* сөзін парсы тілінен енгенін көрсетіп, қырғызша эпостарда «мүйізтұмсық» мағынасында кездесетінін жазған: *керик*: ир. (в эпосе) «носорог»: *керигим бар, пилим бар* (у меня есть носороги, есть слоны;), *келатабыз жол тартып, керик турмак, кулан жок* (едем мы путём-дорогою, не только носорога, но даже кулана нет) (Юдахин, 1985: 378).

Кейінгі қалыптасқан «керік» (кер+ік) атауы жирафтың ұзын мойнының керіліп, созылып тұруына байланысты қойылған болуы да, немесе носорогтің қазақшасы ретінде қолданылған сөздің мағынасы жирафқа көбірек келеді деген пайыммен тілде бұған дейін де болған «керік» сөзі дайын күйінде пайдаланылуы да мүмкін. 90-жылдардан бастап «жирафтың» қазақша атауы ретінде «керік» сөзі жиі қолданыла бастады. Қазір көптеген сөздіктер мен оқулықтарда осылай

беріліп жүр. Қалай болғанда да бұл атау XX ғасыр басында жазылған әдебиеттердің қайта басылып, ғылыми айналымға түсуіне байланысты қолданысқа еніп отыр.

Қар айыуы (белый медведь). «Төрт аяқтылардан көзге түсетіні: шұбар өгіз, бизон, янот, ягуар, лама, пума, тапыр, *қара аю*» (Байтұрсынұлы, 2023: 453). 1927 жылғы түпнұсқада бұл сөйлем: «Төрт аяқтылардан көзге түсетіні: шұбар өгіз, бйзон, ианот, иагұуар, лама, пұма, тапыир, *қар айыуы*», – деп тұр. Түпнұсқа емлесі сақталмаудан бөлек, аң атауы – «қара аю» деп беріледі. Бұл аң атауы А. Байтұрсынұлының 2013 жылғы алты томдығында да, 2023 жылы шыққан соңғы бес томдық жинақта да, Т. Шонанұлының бес томдығында да «қара аю» (Шонанов, 2015) деп беріледі. Иә, Америкада «қара аю» мекендейтіні рас. Бірақ түпнұсқада «қар айыуы» деп берілген. Бұл – біздіңше, қазір «ақ аю» деп аталатын аю түріне өткен ғасыр басында берілген атау. Американың Аляска штатында ақ аю мекендейді. Солтүстіктегі қарлы, мұзды жерді мекендейтіндіктен оны «қар аюы» атаған. Аңға ат қою кезінде мекендейтін ортасы, жүретін жері есепке алынған. Бізде мұндай дәстүр бұрыннан бар. Мысалы: *тауешкі, сужылан, құрбақа, көлбақа* және т.б. соған дәлел. Сондай-ақ кейініректе жасалып, түрлі әдебиеттерде қолданылып жүрген *дала бүркіті, тау бүркіті, дала тышқаны, орман тышқаны* сияқты түр атаулары мен *қар барысы, сусиыр* жануар аттары да осы үлгімен жасалған. Ал «ақ аю» – орыс тіліндегі «белый медведь» атауын сөзбе-сөз аудару арқылы калькалау жолымен жасалып, қалыптасқан атау. «Қар аюы» атауының уәжі, табиғи үлгіден алшақ кетпейді. Бұл атау жануардың сыртқы түсіне ғана емес, оның тіршілік ететін ортасына тікелей байланысты қойылғандықтан семантикалық тұрғыдан да, атау беру дәстүрі тұрғысынан да қазақ тілінің қалыпты дәстүріне көбірек сәйкес келеді.

Түрік тілдерінің көпшілігіндегі *ақ аю* түске негізделіп аударылған калька болса, тек түрік тілі *kutup ayısı* («поляр аюы») мен әзербайжан тілінде *qütb ayısı* деп аталады. XX ғасыр басында жасалған «қар аюы» атауына хайуанның тіршілік ететін экологиялық кеңістігі (мекені) уәж етіп алынады. Түрік тілінде де осы екінші үлгі айқын көрінеді: «*kutup ayısı*» атауы жануардың түсіне емес, оның мекендейтін ортасына – полярлық (мұзды, қарлы) аймаққа қатысты қойылған, сондықтан бұл атау құрылымы жағынан қазақ тіліндегі «қар аюы» үлгісіне жақын.

Мүйізтұмсық (носорог). «Хайуандардың артықша көзге түсерліктері: піл, *мүйізтұмсық*, өркешті сиыр, түйе, жылқы, құлан, құтас (қодас), марал, бұғы, жүні қымбат ешкілер, терісі қымбат аңдар, маймылдар, арыстан, жолбарыстар, қорқау қасқыр, шақал» (Байтұрсынұлы, 2023: 448).

«Мүйізтұмсық» атауы Н. Қаратышқанұлы құрастырған «Пән сөздері» (1927) сөздігінде «носорог» атауының қазақшасы ретінде беріледі (Қаратышқанұлы, 2004). Бұл атау да ғасыр басында орыс тілі үлгісімен (мүйіз+тұмсық = нос (о) + рог) жасалған. Тек екі тілдегі сәйкес сөздердің орны ғана алмастырылып тұр. Жануардың орыс тіліндегі атауы да о бастағы грек сөзінің үлгісімен жасалған: *rhino* (мұрын, тұмсық) + *ceros* (мүйіз). Сонымен бірге бұл сөйлемде *гиенна – қорқау қасқыр*, ал *шакал – шақал* түрінде дыбыстық өзгеріске ұшыратылып (*к-қ*) қолданылады. Түрік тілдерінің басым көпшілігінде парсы тілінен *şagāl* тұлғасында енген кірме атау орныққан; қазақ тілінде оның уәжді, байырғы атауы ретінде *шибөрі* де қолданылады.

Мүйізтұмсық атауына келсек, түрік тілдерінде бұл атау бірізді емес: бірқатар тілдерде жануардың айқын белгілеріне негізделген калька үлгісі (қаз. *мүйізтұмсық*, тат. *мөгезборын*, қырғ. *мүйізтумишук*, түрікмен т. *şahly tomzak*) қалыптасса, енді бірілерінде (түрік тілі: *gergedan*, әзербайжан тілі: *kərgədan*, өзбек тілі: *karkidon*) арабтан (كرکدن қарқадан) келген «керкедан» деген кірме атау тараған. 1930 жылғы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Осы пән атаулары дұрыс па?» атты мақалада *керкедең* атауының «носорог» орнына балама атау ретінде ұсынылғаны айтылады (Терминология мәселелері, 205). Қырғызда *керик*, түрікменде *керк* нұсқаларының да «мүйізтұмсық» мағынасында жұмсалуды – *керік* пен *керкидан* атауларының төркіндес болуы мүмкін екенін жоққа шығармайтын деректердің бірі.

Өркешті сиыр (зебу, горбатая корова). «Хайуандардың артықша көзге түсерліктері: піл, мүйізтұмсық, *өркешті сиыр*, түйе, жылқы, құлан, құтас (қодас), марал, бұғы, жүні қымбат ешкілер, терісі қымбат аңдар, маймылдар, арыстан, жолбарыстар, қорқау қасқыр, шақал» (Байтұрсынұлы, 2023: 448). Азия, Африканы мекендейтін бұл жануарға арқасындағы өркешіне

қарап ат қойған. Қазіргі әдебиеттерде *зебу*, *өркешті сиыр* атаулары жарыса қолданылады. Түрік тілінде де қазақ тіліндегідей *hörgüçlü sığır* деген атау қолданылады. Ал өзге түрік тілдерінің барлығында бұл жануар «zebu» деп аталып жүр.

Су сиыр (*дюгонь*, *морская коро́ва*). «*Су сиыр*, қара қу, тармақ құйрық, күлеген деген құстың дауысы сақылдап күлген адам дауысы сияқты» (Байтұрсынұлы, 2023: 454). Аустралияда мекендейтін сусиыр тұқымдастардың бірі дюгонды «су сиыр» деп атаған. Теңіз шөбімен қоректенетін бұл су хайуан қазір «теңіз сиыры» (*морская коро́ва*) деп аталып жүр. Ал бірігіп жазылған «сусиыр» атауы кейінгі 15-20 жыл көлемінде гиппопотам (бегемот) баламасы ретінде қолданыла бастады. Қазіргі түрік тілінде де *deniz ineği* (теңіз сиыры) атауы айтылады. Өзге түрік халықтары тілдерінде негізінен *dugong* деп аталады. XX ғасыр басында Х. Досмұхамедұлы «дүгүн» (Досмұхамедұлы, 2017: 164) деген қазақ айтылымына бейімделіп алынған атауды қолданған.

Шұбар өгіз (*полосатый гну*, *голубой гну*). «Төрт аяқтылардан көзге түсетіні: *шұбар өгіз*, бизон, янот, ягуар, лама, пума, тапыр, қара аю» (Байтұрсынұлы, 2023: 453). Африка антилопасының түсі көк-сұр, екі жанында тіке түскен қара жолақтары болады. Бұқаға, өгізге ұқсайтын ірі дене тұрқына және екі қапталындағы жолақтарына қарап, оны «шұбар өгіз» деп атаған. Қазір бұл атау қолданылмайды, қазақ тілінде негізінен *гну* және *антилопа гну* атаулары қолданылады. Түрік тілдерінің де көпшілігінде бұл жануар *гну* атауымен беріледі. Мәселен, түрік тілінде *гну*, сондай-ақ *mavi antilop* деп аталады, өзбек және қырғыз тілдерінде де *гну* тұлғасы орныққан.

Тапыр (*tapir*, *tapir*). «Төрт аяқтылардан көзге түсетіні: *шұбар өгіз*, бизон, янот, ягуар, лама, пума, *тапыр*, қара аю» (Байтұрсынұлы, 2023: 453). Оңтүстік Америка мен Оңтүстік Шығыс Азияны мекен ететін шөпқоректі хайуанды авторлар қазақтың өз сөзіне жақындатып, тілге біршама бейімдеп «тапыр» деп алған. Ал Х. Досмұхамедұлы «тапыр» (Досмұхамедұлы, 2017: 170) деп береді. Қазіргі әдебиеттерде дәл орыс тіліндегідей «тапир» делініп жүр. Негізі осы хайуанды Алаш білімпазы Халел Досмұхамедұлы ұсынғандай «тапыр» деп таңбаласак, қазақтың өз сөзіндей естіліп, айтуға жеңіл болар еді.

Түрік тілдерінде бұл жануар атауы негізінен Еуропа тілдеріндегідей беріледі. Мәселен, түрік тілінде *tapir*, өзбек және қырғыз тілдерінде де *tapir/tapir* тұлғасы қолданылады. Түркі тілдерінде қазақ тіліндегідей ішкі заңдылыққа бейімдеп, фонетикалық тұрғыдан өзгертіп қолдану үрдісі байқалмайды, негізінен атаудың түпнұсқаға жақын тұлғасы сақталған.

Сөз болып отырған еңбекте *тапыр* ғана емес, *бйзон*, *зубір* (*зубр*), *бұйбұл* (*буйвол*), *ианот*, *иағууар*, *шақал* (*шакал*) (парсыдан түрік тілдеріне, түріктерден орысқа, орыстан бізге қайта айналып келді), *пұма* сияқты жабайы жануарлар атауы да қазақшаға бейімделіп беріледі. Ал «Пән сөздерінде» *шакал* – *шағал* деп беріледі, өйткені парсы тілінде оның бастапқы нұсқасы *šagāl* екенін жоғарыда айттық. Бұл деректер XX ғасыр басындағы әдебиеттерде жыртықш атауының *шақал/шағал* нұсқалары жарыса қолданылғанын көрсетеді.

Мысқыл кірпі (*ехидна*). «*Мысқыл кірепсы* (құсша жұмыртқа салады, баласын сүтімен асырайды); *су сиыр*, *қара қу*, *тармақ құйрық*, *күлеген* деген құстың дауысы сақылдап күлген адам дауысы сияқты» (Байтұрсынұлы, 2023: 454). А. Байтұрсынұлының 2013 жылғы 6 томдық жинағында да, 2023 жылы жарық көрген 5 томдығында да, Т. Шонанұлының 2015-2017 жылдары жарыққа шыққан 5 томдық жинағында да Аустралия мен Жаңа Гвинеяны мекендейтін, сыртқы пішіні кірпіге ұқсайтын бұл сүтқоректі атауы «мысқыл кірепсы» деп беріледі. Зерделеп қарасақ, «кірепсы» түпнұсқада қате басылған «кірпі» (кірпі+сі) сөзі екенін бағамдауға болады. Еш мағына бермейтін «кірепсы» сөзі кейінгі басылымдардың бәрінде сол қалпында қайталана беріпті. Бұл атауды жасаушылар хайуанның дене пішіні, үстіндегі тікендері кірпіге ұқсайтындықтан оны «мысқыл кірпі» атағаны байқалады. Сөйлемде «мысқыл кірпі+сі» деп тәуелдік жалғауымен беріледі. Ал Х. Досмұхамедұлы «Жануарлар» (1928) атты еңбегінде бұл мақұлық атауын «екідене» деп, дыбыстық тұрғыдан біршама өзгертіп береді. Ғалымның: «Екідене сыртынан кірпішешенге ұқсайды. Сырты, бүйірлері кірпінікіндей инелермен қаптаулы болады» (Досмұхамедұлы, 2017: 153), – деген сипаттауы да оның кірпіге ұқсайтынына және «мысқыл кірпі» атануының негізсіз емес екеніне дәлел бола алады.

«Ехидна» (гр. «сұр жылан») көне грек мифологиясында денесінің жартысы әйел, жартысы жылан кейпіндегі құдай болғанымен, қазақша атау беруші ол мағынаны негізге алмаған. Оны хайуанның қазақша атауындағы «мысқыл» сөзінің орыс тіліндегі «ехидный» (мысқылдап, кекетіп күлуге бейім, түйреп, шағып сөйлетін адам) сөзінен аударылып алынғаны көрсетіп тұр. Бейнелі сипаты басым бұл атау қолданысқа енбей, жеке авторлық қолданыс ретінде қалып қойды. Қазіргі тілде көне грек заманынан келе жатқан «ехидна» сөзі қолданылады. Өзге түрік тілдерінде де біздегідей *echidna* атауы кең тараған.

Жоғарыдағы мысалға алынып отырған сөйлем А. Байтұрсынұлының 2013, 2023 жылдары жарық көрген жинақтарында бірдей беріледі, еш айырмасы жоқ. Т. Шонанұлының (2017) жинағында тек сөйлемдегі құс атауы ғана «күлегеш» (күлеген емес) деп басқаша жазылған. Ал 1927 жылғы түпнұсқада сөйлемдегі аң-құс атаулары «сұу сыйыр, қара құу, тармақ құйрық, күлегеш» деп беріледі. Т. Шонанұлының жинағына енген оқу құралы түпнұсқаға біршама жақындатылған. Ондағы құс атауы түпнұсқадағыдай жазылған. Дегенмен онда да түпнұсқа толық сақталмайды.

Сасықша (скунс). «Сол әдеміше аңның атын жұрт «сасықша» қойған. *Сасықшаның* құйрығының түбінде айырықша қалталары болады, сол қалталарынан өте сасық суын шашып келіп жібереді. Түнде қораға *сасықша* келді. Қорада сойылған қой жатыр еді. Ит көріп, *сасықшаны* қуып жібереді» (Байтұрсынұлы, 2023: 132). Х. Досмұхамедұлы *қарақұлақ, мупет (фр. moufette)* атауларын қолданған (Досмұхамедұлы, 2017: 206).

Скунс – Канаданың оңтүстігі мен Орталық Америкаға дейін мекен ететін сүтқоректі жыртқыш. Скунстар тұқымдасына жатады. Оны Азия мен Африканы мекендейтін сусар тұқымдастарына жататын сасық күзенмен бір аң деп шатастыруға болмайды. Осыны білген авторлар оған «сасықша» деп ат қойған. Алайда бұл атау қолданысқа енбеді. Жалпы тілде, әдебиеттерде *скунс* атауы қолданылып жүр. Өзге түрік тілдерінің көбінде бұл жануар *skunk* делінеді. Тек түрік тілінде ғана XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары атағандай оның жағымсыз иіс шығару ерекшелігіне байланысты қалыптасқан *kokarca* (сасықша) атауы қолданылады.

Шұбарша (лемминг, пеструшка). «Көбінесе қоныс аударатын тышқанның түрлі тұқымдары Арқангел гүбірнесінде (губерния), суық, елсіз, батпақ далада «шұбарша» деген суыр сияқты үлкендігі саршұнақтай, әр жерінде шұбар меңі бар тышқан болады. *Шұбаршалар* арасына зор қорқыныш, уайым кіреді. *Шұбаршалардың* құрттай аяқтары, мүкті тапап, терең жол қазып кетеді» (Байтұрсынұлы, 2023: 160).

Мұнда Тундрада, Еуразия мен Солтүстік Американың ормандарында мекендейтін кемірушілер туралы сөз болып отыр. Бұлардың *дала шұбаршасы* деген түрінің арқасында жолақтары болады. Соған қарап және орыс тіліндегі «пеструшка» (пёстрый) атауын негізге ала отырып, оны қазақша «шұбарша» деп атағаны байқалады. Қазір бұл атау қолданылмайды. Өзбек және қырғыз тілдерінде де бұл тышқан *лемминг* деп аталады. Ал түрік тілінде *lemming* атауымен қатар *yaban sıcağı* (жабайы тышқан) тәрізді сипаттамалы қолданыс та кездеседі.

Қаншыр (ласка). «Сусардың собол (бұлғын – ред.) деген тұқымы бар, *қаншырдың* горностай деген тұқымы бар, кәмшеттің теңіз кәмшеті деген тұқымы бар. Біздің қазақ жерінде күзен табындағы аңдардың көбі жоқ. Сасық күзен, *қаншыр*, ақ тиін, борсық қана бар» (Байтұрсынұлы, 2023: 86).

Оқу құралында «қаншыр» сөзі сусар тұқымдастарға жататын «ласканың» атауы ретінде қолданылған. «Ласка» қазір бірқатар әдебиеттерде *аққұлақ (ақ тышқан)* деп аталып жүр. Ал «қаншыр» атауы қазір негізінен «арыстанның ұрғашысы» деген мағынада қолданылады. Түрік тілінде бұл аң атауы *gelincik* деп аталады.

«Собол, горностай теңіз кәмшеттерінің терісінен істелген киімдер қымбаттығынан адамдардың қолына түсе бермейді» (Байтұрсынұлы, 2023: 86). Авторлар орыс тіліндегі «соболь», «горностай» атауларын сол қалпында қолданады. Қазіргі тілде бұл жыртқыштардың «бұлғын», «ақкіс» атаулары қолданылады.

Үйректұмсық (утконос). «Тұмсығы үйрек тұмсығындай, үстінде канат емес жүн» (Байтұрсынұлы, 2023: 454). Аустралияны мекендейтін сүтқоректінің қазақшасы орыс тіліндегі атауының үлгісімен жасалған. Дәл орыс тіліндегі үлгіге сәйкес *үйрек (утка) + тұмсық (нос)*

сөздерін біріктіріп, калькалау тәсілімен жасалған атау. Х. Досмұхамедұлының 1928 жылғы «Жануарлар» еңбегінде осы атауды қолданып: «Үйректұмсықтың Абыстралыйадағы өзендердің жағасында жүреді» (Досмұхамедұлы, 2017: 153), – деп жазады. Өткен ғасыр басында жасалған бұл атау қолданысқа енді. Қазір де осы қалпында жаппай қолданылады. Түрік тілдерінің барлығында дерлік жұмыртқалаушы жануарлар тобына кіретін бұл сүтқоректінің орысшадан калькалап алған атауы қолданылады: қырғ.: *өрдөк тумишук*, өзб.: *o'rdakburun*, әзерб.: *ördakburun*, татар.: *үрдәкборын*. Ал түрік тілінде латынша *ornithorhynchus* «тұмсықты жануардың бір түрі» терминінен келген *ornitorenk* деген атауы бар.

Сарық (қой түрі). «Бірақ түпкі тұқымы қой мен *сарық* болып екі айрылады. Қысқа құйрықтысы қой деп, ұзын құйрықтысы *сарық* деп аталады. ...Әсіресе, Аустралия жерінде *сарық* асыраушылар көп» (Байтұрсынұлы, 2023: 44).

Қазақта ұзын құйрықты қойды «сарық», «сарық қой» деп атайды. «Сарық қойдың жүні жақсы, жақсы айғырдың үні жақсы» дейді. Аустралияда өсетін меринос тұқымды қой түрін қазақ тілінде бұрыннан бар атаумен атаған.

Салдырлауық жылан (гремучая змея). «Құстан: Америка күшігені, гондер-тоты; көбелек құсы (калибр), жыланнан көзге түсетіні *салдырлауық жылан*, тасбақалар» (Байтұрсынұлы, 2023: 453).

Бұл жылан түрі ағылшынша *rattlesnake* орысша *гремучая змея* деп аталады. Мағынасы бірдей ағылшынның *rattle*, орыстың *гремять* етістіктері қазақ тілінде контекске қарай *күркіреу*, *дүрілдеу*, *даңғырлау*, *салдырлау* мағыналарына сәйкес келеді. Сөз жасаушы орыс (ағылшын) сөзінің үлгісін пайдалана отырып, аталған етістіктер ішінен мағына жақындығына қарай «салдырлау» (салдырлауық) сөзін таңдаған. Алайда бұл атау орнықпай, оның орнына кейін жасалған «сылдырмақты жылан» атауы енді. «Сылдырмақ» зат есім. 1. Сілкімелі аспаптар тобына жататын қазақтың көне музыкалық аспабы. 2. Бала ойыншығы (погремушка). Кейінгі атау бауырмен жорғалаушыны «құйрығында сылдырмағы бар жылан» ретінде танудан туған. Бұл жылан атауын Х. Досмұхамедұлы өз еңбегінде «қыротал» деп береді де, сонымен қатар құйрығының ұшында («оймаш сықылды шолпысы бар») болғандықтан «Бұл жыланды *шолпылы жылан* йа *сылдырауық жылан* десе болады» (Досмұхамедұлы, 2017: 85), – деп жазады. Бұл бауырмен жорғалаушының қырғыз тілінде *шылдырак жылан*, өзбек тілінде *shaqildoq ilonlar*, *chinqiroq ilonlar*, ал түрік тілінде *çingiraklı yılan* атаулары қолданылады.

Оқу құралында бұдан өзге *сарыбас жылан*, *оқ жылан*, *су жылан* (Байтұрсынұлы, 2023: 70) сияқты улы, усыз жылан түрлері туралы да айтылады. Х. Досмұхамедұлының аталған еңбегінде де *сарыбас жылан*, *айдағар//пийтұн (питон)*, *құм жылан//дала айдағары*, *қара жылан//шұбар жылан*, *бозша жылан*, *оқ жылан*, *қобыр (кобра)* деген жылан атаулары мен *теңіз жыландары*, *зәрлі жылан*, *зәрсіз жылан* сияқты түр атаулары қолданылады. Соңғылары қазір *улы жылан*, *усыз жылан* деп аталады.

Ал *бегемот*, *бизон*, *енот (янот)*, *кенгура*, *лама*, *пума*, *ягуар* сияқты бірқатар хайуандар аттары негізінен орыс тіліндегідей аударылмай қолданылады. 1925 жылғы «Қазақша-орысша тілмашқа» енген *керкеден* – 1. *бегемот*; 2. *носорог* (Кемеңгерұлы, 2005: 287) атауын оқу құралы авторлары пайдаланбаған. XX ғасыр басында жарық көрген бұл сөздіктегі *керкеден* атауы – түрік тілінде *gergedan*, әзербайжан тілінде *kərgədan*, өзбек тілінде *karkidon* тұлғасында қолданылған араб сөзінің қазақша нұсқасы.

Құс аттары. Көбелек құс (колибри). «Құстан: Америка күшігені, гондер-тоты; көбелек құсы (калибр), жыланнан көзге түсетіні *салдырлауық жылан*, тасбақалар» (Байтұрсынұлы, 2023: 453).

Колибри – Америкада мекендейтін, гүл шырынымен қоректенетін әлемдегі ең кішкентай құс. Құсты шағын көлеміне, алуан түрлі түсіне және гүлден шырын жинайтынына қарап «көбелек құс» деп атаған. Яғни атау құстың дене тұрқына, түсіне және тіршілік ету, қоректену ерекшелігіне (көбелек сияқты гүлден шырын жинайтын) қарай берілген. Бірақ бұл атау XX ғасыр басынан кейін қолданылмады. Х. Досмұхамедұлы «кәлібір» деп береді (Досмұхамедұлы, 2017: 128). Қазір орыс тіліндегі атаумен бірдей «колибри» атауы қолданылады.

Түркі тілдерінің көпшілігінде бұл құс атауы халықаралық «колибри» атауына жақын

нұсқада қолданылса, түрік тілінде сонымен қатар құстың сыртқы бейнесі мен қозғалысына негізделген *sinek kuşu* («шыбын құс») атауы да қатар жұмсалады.

Қара қу. «Су сиыр, *қара қу*, тармақ құйрық, күлеген деген құстың дауысы сақылдап күлген адам дауысы сияқты» (Байтұрсынұлы, 2023: 454).

«Қу» сөзіне түсіндірме сөздікте: «Иілген ұзын мойынды, суда жүзіп жүретін үлкен құс, акку» (Қазақ сөздігі, 2013: 827) деген түсіндірме беріледі.

Осы атаудың тарихи негізін көне жазба деректер де растайды. Көне түркі жазба мұраларында *қуғу* түрінде кездесетін бұл атау қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында *қу* тұлғасында сақталған. Ал қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінде сөз басына «ақ» сын есімі қосылып, *аққу* нұсқасы қалыптасқан. Қазіргі тілдік қолданыста көбіне *аққу* түрі орныққанымен, көне жырларда, Абай Құнанбайұлы тілінде бұл сөз тек бастапқы *қу* түрінде жұмсалады:

Қыз сипатын қараса,

Ақ бетінде кіршік жоқ –

Айдын көлдің *қуындай* (Қыз Жібек, 63).

Жыршы құстар әуеде өлең айтып,

Кику салар көлдегі *қаз бен қулар* (Абай, 1961: 172).

Тіл деректері көрсетіп отырғанындай, иілген ұзын мойынды, суда жүзіп жүретін құстың бастапқы, негізгі аты – *қу*. Осы құстың ақ және қара түсті түрлері болады. Оларды түсіне қарай ажыратып *ақ қу* және *қара қу* деп атаған. Келе-келе қудың қарасы да, ағы да «аққу» деп аталып кеткен. Оған табиғатта қудың ақ түстілері әлдеқайда басым болғандығы немесе қудың түсі тек ақ болады деп түсіну себеп болса керек. Мәселен, бұл құстың *сұңқылдақ аққу*, *тілсіз аққу*, *трубач аққу*, *Тундра аққуы* сияқты бірнеше түрінің түсі ақ болады. Ал қауырсыны тұтастай қап-қара түсті түрі *қара қу* негізінен Аустралияда мекендейді. Бізде өте сирек ұшырасады. А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлы өз еңбектерінде «қара қу» деп құс атауын дұрыс берген. Қазір қудың бұл түрі «қара аққу» деп аталып жүр. Негізі бұлай атау қисынға келмейді. Бір-біріне кереғар екі түсті қосақтап, түсі айқын көрініп тұрған қара құсқа ода жоқ ақ түсті таңу логикалық, мағыналық қайшылық туғызып тұр. Сондықтан тілде орныққан «аққу» (белый лебедь) атауын бұрынғысынша қолданып, ал *қара аққу* (черный лебедь) деген қисынсыз атау орнына «қарақу» деп, ал жалпы бұл құсты «қу» (лебедь) бастапқы мағынасында қолданған орынды деп білеміз.

Тілде мұндай қайшылықты атаулардың туындайтын жағдайлар кездесіп тұрады. Мәселен, «қызыл қарақат» (красная смородина), «ақ қарақат» (белая смородина) атаулары. Тасжарған тұқымдас бұл жидектің түрлеріне қызыл, қара, ақ түстеріне қарай *қарақат*, *қызыл қарақат*, *ақ қарақат* деген ат берілген. Қазір жаппай осылай қолданылады. Бұталы өсімдік атының екінші сыңарындағы «қат» сөзі түрік тілдерінде ертеден «QAT. жидек, жеміс» (Ercilasun, 2015: 147), – деген мағынаны білдіреді. Сонда қарақат = қара жидек (жеміс), қызыл қарақат = қызыл жидек (жеміс), ақ қарақат = ақ жидек (жеміс) болып шығады. Ендеше «қарақат»-тан (черная смородина) басқаларының атаулары «қызылқат» (қызыл жидек), «аққат» (ақ жидек) болуы керек еді. О баста кеткен жаңсақтықтан «қарақат» орыс тіліндегі «смородина» атауының қазақша баламасы ретінде қалыптасып кетті. Бұл ретте *қаражидек* (*черника*), *көкжидек* (*голубика*), *мүкжидек* (*клюква*) атаулары дұрыс жасалған.

Бейіс құсы (*райские птицы*). «Құстардан артықша көзге түсетіндері: *бейіс құсы*, сұлу тоты, сөзуар тоты, қырғауыл» (Байтұрсынұлы, 2023: 448).

Жаңа Гвинея, Индонезия мен Аустралияның шығыс жағалауларындағы қалың тропикалық ормандарды мекендейтін қарға тәрізділер тұқымдасына жататын құстар. Олардың қырықтан астам түрі бар. Осы құстардың бәрін қосып, «райские птицы» (лат. Paradisaeidae) деген бір жинақтаушы атаумен атайды. Авторлар қазақша жекеше түрде «бейіс құсы» деп алған. Кейінгі әдебиеттерде бұл атау кездесе бермейді. Оның орнына қазір «жұмақ құстары» деген атау қолданылады. Түрік текті халықтар тілдерінде бұл құс атауы калькалау тәсілі арқылы бірізді жасалған. Мәселен, жұмақ құстары атауы түрік тілінде *сепнет қуш*, әзербайжан тілінде *сәпнат қушлары*, өзбек тілінде *jannat qushi*, қырғыз тілінде *бейиш қуштары* түрінде қолданылады. Бұл атау латынша Paradisaeidae (paradisus – «жұмақ») негізіндегі ғылыми атаудың мағыналық үлгісін сақтай отырып, түрік тілдеріне «жұмақ/жәннат/бейіш + құс» құрылымы арқылы аударылған. XX

ғасыр басындағы «бейіс құсы» атауы да осы үлгімен жасалған. Алайда кейінгі кезеңде «бейіс» сөзінің қолданыс аясы тарылып, пассив қабатқа ығысуына байланысты оның орнына қазіргі тілде белсенді жұмсалатын «жұмақ» компоненті негізінде жасалған «жұмақ құстары» атауы орныққан.

Оқпақ (выпь). «Мәселен, ұшуға олақ *оқпақ* деген құс қайтқанда жорғалап жүреді я түнде ұшады» (Байтұрсынұлы, 2023: 162). Бұл құсты кей өңірде *әуілдек, көлбұқа, оқпан* деп те айтады. Бұл атау қазір де қолданыста бар. Түрік тілінде бұл құс түрі *balaban kuşu* деп аталады.

Тоқылдақ/Тоңқылдақ (дятел). «*Тоқылдақтың* 8 түрлі тұқымы бар. *Тоқылдақ* ағаш басында ұялайды, ағаш басында тамақ тауып күнелітеді» (Байтұрсынұлы, 2023: 80). *Тоқылдақ* деп ат қойылғаны ағашты тоқ-тоқ еткізіп, тұмсығымен шұқығанынан (Байтұрсынұлы, 2023: 81).

Бұл атау оқу құралындағы «Орман құстары» деген мәтінде 5 рет қолданылады. Ал оқу құралындағы Н. Рубакиннен аударылған «Құстардың маса, шыбын, қоңыздарды құртуы» деп аталатын мәтінде 4 рет «тоңқылдақ» атауы қолданылған. Яғни оқу құралында бір құс екі түрлі аталады.

Мысалы: «*Тоңқылдақтар* ағаш қабығының астынан аулайды, әуелі қабық астындағы ағаш жейтін құртты тауып алады. Ағаш жейтін құрт *тоңқылдақтан* өмірде құтыла алмайды, қабықты тесе сала, *тоңқылдақ* тесік астына тілін тығып жібереді. *Тоңқылдақтың* кейбір тұқымдары, істікке шанышқан сықылды, құрттарға тілін түйреп алады» (Байтұрсынұлы, 2023: 228).

Оқу құралының авторлары бұл мәтінде «дятел»-дің қазақшасын «тоңқылдақ» деп береді. «Тоңқылдақ» деген құс атының «тоңқ-тоңқ еткен дыбыс» деген мағынаны білдіретін «тоңқыл» зат есімінен туғанын бағамдауға болады. Біздің анықтауымыз бойынша, XX ғасыр басында бұл құс әртүрлі аталған. Оған төмендегі дереккөздер дәлел бола алады. Мысалы, 1906 жылы Орынборда жарық көрген «Орысша-қырғызша (қазақша) қысқаша сөздікте»: Дятел – *тақ-тақ, тоңқылдақ, тоқылдақ* (Краткий русско-киргизский словарь, 2005: 30, 82) деп, үш нұсқада беріледі. Ал біз сөз етіп отырған оқу құралынан бір жыл бұрын ғана Мәскеуде Қошке Кемеңгерұлының редакторлығымен жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш» (Казакско-русский словарь) атты сөздікте бұл құс атауы «тоқылдауық» (дятел) деп беріледі (Кемеңгерұлы, 2005: 97).

Өткен ғасыр басындағы сөздіктерде «дятел»-дің қазақшасы – *тақ-тақ, тоңқылдақ, тоқылдақ, тоқылдауық* деген 4 түрлі нұсқада тіркелуі, бұл құстың жалпыға ортақ бір атауының тілде әлі орныға қоймағанынан хабардар етеді. Хронологиялық тұрғыдан ең соңғы жарық көрген А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлының «Оқу құралында» (1927) «Қазақша-орысша тілмаш» сөздігіндегі «тоқылдауық» атауының алынбай, екі нұсқасының қолданылуы да соны айғақтай түседі. Оқу құралы авторларының қолына жиырма жылдан астам бұрын Орынборда жарық көрген шағын сөздік түспеуі мүмкін. Алайда олардың 1926 жылы бір жыл бұрын ғана Мәскеуде шыққан көлемді еңбек «Қазақша-орысша тілмашпен» таныс болмауы мүмкін емес деп ойлаймыз. Соған қарамастан авторлар ондағы «тоқылдауықты» алмай, «тоқылдақ» және «тоңқылдақ» атауларын қолданған. Бұл оқу құралына енген мәтіндерді бір автордың жазбауымен (аудармауымен) де байланысты. Оқу құралына дайын аударма мәтін алынуы да мүмкін. Ақырында «тоңқылдақ» қолданысқа енбеді. 30-жылдардан кейін құс атауының басқа нұсқалары ұмытыла бастады да, «тоқылдақ» жаппай қолданылатын атауға айналды.

Түрік тілдерінде де бұл құстың атауы негізінен оның ағашты тұмсығымен тоқылдатып шұқитын әрекетіне байланысты қойылған. Мәселен, *тоқылдақ* атауына сәйкес келетін құс Анадолы түріктерінің тілінде *ağaçkakan* («ағаш қаққыш»), әзербайжан тілінде *ağacdələn* («ағаш тескіш») түрінде сипаттамалық тәсілмен аталады. Ал қырғыз тіліндегі *тонкулдак* XX ғасыр басындағы қазақ тіліндегі «тоңқылдақ» нұсқасына жақын келеді. Қарақалпақ (тоқулдан) және ноғай (тоқылдақ) тілдеріндегі атаулар қазақ тіліндегі «тоқылдақ» формасымен бірдей. Өзбек тіліндегі *qizilishton* атауы құстың сыртқы белгісіне (түсі мен морфологиялық ерекшелігіне) байланысты қойылған. Сонымен қатар өзбек тілінде *oʻrmonchi* («орманшы құс») деген сипаттамалық атау да ұшырасады.

Сауық тоты (развлекающий попугай). «Тотының екінші түрі – *сауық тоты* деп аталады. *Сауық тотының* балапаны тауық сияқты тез аяқтанады. *Сауық тотының* балапаны жүнсіз

шығып, көпке дейін бағым-қағым керек қылады» (Байтұрсынұлы, 2023: 75). Жекеше түрде қолданылып тұрғанмен «сауық тоты» – нақты бір құстың емес, тотықұстардың бір түрінің жалпы атауы. Қазір көп қолданылмайды.

Сөзуар тоты (говорящий попугай). «Құстардан артықша көзге түсетіндері: бейіс құсы, сұлу тоты, *сөзуар тоты*, қырғауыл» (Байтұрсынұлы, 2023: 448).

Қазір тотының бұл түрі – «сөйлейтін тотықұс» деп аталып жүр. Сонымен қатар оқу құралында *сұлу тоты (красивый попугай)*, гондер-тоты (гондэр-попугай), *тауық тоты (попугай-курица)* сияқты тотықұс атаулары да кездеседі. Бұлар қазіргі әдебиеттерде көп қолданыла бермейді.

Таған (грач). «Қарға табындағы құстар: құзғын, қара қарға, ала қарға, *таған*, сауысқан. *Таған* қалай келді, солай жаз бола бастайды, сондықтан тағанды қазақтар *ұзақ қарға* деп атайды» (Байтұрсынұлы, 2023: 81).

«Оқу құралында» орыс тіліндегі «грач» атауы «таған» деп беріледі. Қазір бұл құсты негізінен *ұзақ* (ұзақ қарға, ала қарға) деп атайды. Қазақта «ұзақ келсе, көктем келеді» деген сөз бар. Сондай-ақ *таған*, *ұзақ*, *ұзақ қарға*, *шауқарға*, *ала қарға* атауларының арасы ажыратылмай, көркем шығармаларда, сөздіктер мен оқулықтарда бірінің орнына бірі қолданылатын жағдайлар жиі ұшырасады. Сондықтан осыларды бір ретке келтіріп, орыс тіліндегі *грач* қазақшасын – *ұзақ*, ал оған ұқсас *галка* деген құс атауын – *таған* деп бекітіп, барлық әдебиеттерде біркелкі беру арқылы біріздендірген дұрыс болар еді.

Түрік тілдеріндегі деректерге қарағанда, орыс тіліндегі «грач» құсына сәйкес келетін атаулардың басым бөлігі «қарғамен» байланысты қалыптасқан. Мәселен, түрік тілінде *ekin kargası* («егін қарғасы») деп аталса, эзербайжан тілінде *zağsa* (мұндағы *zağ* парсы тілінде «қарға» мағынасын білдіреді), қырғыз тілінде *чар карга*, өзбек тілінде *g'o'ng qarg'a* түрінде қолданылады.

Тармақ құйрық (лирохвост). «Су сиыр, қара ку, *тармақ құйрық*, күлеген деген құстың дауысы сақылдап күлген адам дауысы сияқты; бұлардан басқа Еуропа жұрттарының басқа жерлерінен келтіріп, бағып отырған малдары да бар» (Байтұрсынұлы, 2023: 454).

Орыс тілінде «лирохвост» деп аталатын құсты, құйрығының тармақталып тұратынына қарай «тармақ құйрық» деп атаған. Қазіргі сөздіктер мен басқа әдебиеттерде бұл құстың *құйрығы лира тәрізді торғай; желпүйіш құйрықты, лирақұйрық* деген атаулары жарыса жұмсалып жүр. Бұларға қарағанда «тармақ құйрық» атауы ұтымды жасалған. Құстың сырт бейнесі атауынан дәл көрініс тапқан. Сондықтан бұл атауды қайта жаңғыртып қолдануға әбден болады.

Тігінші құс (ткач). «Ындыйда (Индияда) бір кішкене сауыққой құс бар. Аты «тігінші құс», дұрысында, өзі де тігінші. *Тігінші құс* олақ қатын түгіл, анау-мынау шебер қатындармен де іс тігуге бәсекелесе алады. Әуелі *тігінші құс* бұтақтың жерге жақын бір үлкен жапырағын тауып алып, айнала теседі, иненің орнына біздей тұмсығын жұмсайды» (Байтұрсынұлы, 2023: 220).

Авторлар айтып отырған бұл құсты «үнді тігіншісі», «байя тігінші» немесе «тігінші байя» деп атайды. Оқу құралындағы «тігінші құс» атауы қазір де қолданылады. Негізі бұл «тігінші құстар» (*ткачи, ткачиловые*. лат. *Plcoidea*) деген – қарғатәрізділер отрядына жататын құстардың жалпы атауы. Тігінші құстардың 100-ден аса түрі бар.

«Оқу құралында» құс атаулары ғана емес, оларды түрлеріне қарай да жіктеліп, оларға *аңшы құстар, сауық құстар, сұушыл құстар, кешпешіл құстар, орман құстары, үй құстары, түн құсы* сияқты жалпылаушы атаулар беріледі.

Аңшы құстар//Аңшылық құстар (охотничьи птицы). «Аңшы құстар: *бүркіт, қаршыға, сұңқар, лашын, тұйғын, тұрымтай, қырғи, ителгі*. Аңшылық құстарымен рулас құстар: *ақ иық, арлан, күшіген, қарақұс, бөктергі, құладың, күйкентай, үкі, жапалақ, байғыз*» (Байтұрсынұлы, 2023: 75). Бұлардың барлығы – жыртқыш құстар. Өздері түрлі аң-құспен қоректеніп, оларды адам қолға үйретіп аң-құс аулайтындықтан аңшы (аңшылық) құстар деп атаған. Соңғы үшеуін «түн құсы» деп атайды.

Кешпе құстар//Кешпешіл құстар (околоводные птицы). «*Кешпе құстарының* табына жататын: *тырна, көкқұтан, аққұтан, оқпақ, қызғыш, тарғақ, тауқұдірет, жылқышы, балықшы,*

шіңкілдек, әуілдек, бізтұмсық және басқалары. Кешпе құстар суы жақын жерге ұялайды. *Кешпешіл құстар* деп көлшік, шалшық суларды сағалап, өмірінің көбін кешпеледе өткізетін құстарды айтамыз. *Кешпешіл құстарды* аяқтары ұзын болғандықтан «сирақты құстар» деп атайды» (Байтұрсынұлы, 2023: 77). Мәтінде «кешпе құстар» мен «кешпешіл құстар» деген екі атау жарыса жұмсалады. Қазір бұл атаулар қолданылмайды. Бұлардың орнына оқулық әдебиеттерде *жағалау құстары, шалшық құстары* деген атаулар қолданылып жүр.

Сауық құстар (развлекающие птицы). «Сауық құстар» (Байтұрсынұлы, 2023: 75). Адам әуестігі үшін ұстайтын құстарды *сауық құстар (әуестік құстар)* деп атаған. Бұл топқа жататын құстар: «Жүні сұлу болғаннан адам әуестікке ұстайтын құстар – тотылар. Дауысы әдемі болғаннан адам ұстайтын құстар: бұлбұл, сандуғаш деп екіге жіктеледі». Қазіргі әдебиеттерде бұл қолданыстар көп кездесе бермейді.

Сушыл құстар (водоплавающие птицы). «Сушыл құстардың аяқтары қысқа болған соң, маймаңдап жүре алмайды. Кешпе құстар сирақты, ұзын аяқтары аршынды келгендіктен жүргіш келеді. Сушыл құстар тіпті жүгіре алмайды» (Байтұрсынұлы, 2023: 77). Қаз-үйрек, шағалалар осы топқа жатады. Суда жүзуге бейімдігіне қарай оларды *сушыл құстар* деп атаған. Қазір оларды көбіне *суда жүзетін құстар* деп атайды. XX ғасыр басында оқулық жазған авторлар «сушыл құстар» (суды жақсы көретін) деп қазақ ұғымына жақын атау жасаса, қазіргі авторлар орысша атауды сөзбе-сөз аударуды мақсат еткені байқалады.

Үй құстары (домашние птицы). «Үй құстары» (Байтұрсынұлы, 2023: 72). Оқу құралында құсты қолға үйрету мен белгілі үй құстары туралы да мәліметтер беріледі. *Құс кесібі* сияқты тіркестер де қолданылады.

XX ғасыр басында белгілі алаш оқымыстылары жазған бұл оқу құралында біз арнайы тоқталмаған: *қу, құтан, құр, қара құс, қарға, көгершін, көкек, торғай, бүркіт, сұңқар, лашын, тұйғын, қаршыға, қырғи, ителгі, қаз, үйрек, аққу, ақ құр, қара құр, шіл, безгелдек, бөдене, тауық, күрке-тауық, дуадақ, құр, тұрымтай, ақ иық, арлан, күшіген, қарақұс, бөктергі, құладың, күйкентай, үкі, жапалақ, байғыз, бұлбұл, сандуғаш, өгіз шағала, қарабас шағала, қарабауыр, бірқазан, қызыл қаз, қара қаз, торы ала қаз, сары ала қаз, қараша қаз, қасқалдақ, қоңыр үйрек, шүрегей, кегір (кегер), сұңгуір, тырна, көкқұтан, аққұтан, қызғыш, тарғақ, тауқұдірет, жылқышы, балықшы, шіңкілдек, әуілдек, бізтұмсық, құзғын, жәй көкек, атышы көкек* (Байтұрсынұлы, 2023: 71-81), *бозторғай, қарлығаш, түйеқұс, күлеген* сияқты көптеген құс атаулары қолданылады. Бұл атаулардың бәрі дерлік тілімізде бұрыннан бар әрі қазір де жаппай қолданылатын болғандықтан оларға жеке тоқталмадық. Алайда ондаған құс атауларының осыдан бір ғасыр бұрын хатқа түсіріліп, оқу құралына енуі, түріне қарай жіктелуі, олардың білім алушы шәкірттерге таныстырылуы – сөз байлығымызды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу жолындағы игілікті іс.

Оқу құралында аң-құс атауларынан бөлек олардың түр, тек, тұқымдас, отрядтарға қатыстылығын білдіретін биология терминдері де бар. Оған мына төмендегі мысалдар дәлел бола алады: «Киік – *айыр тұяқ, шөп жеуші, күйісті хайуанның бірі*». «Солардың бәрі де *айыр тұяқ, шөп жеуші, күйісті хайуандар* табына жатады» (Байтұрсынұлы, 2023: 66). «Күзен табындағы аңдардың бәрі *ет қоректі аңдар*: тышқан аулайды, балық аулайды, құс аулайды» (Байтұрсынұлы, 2023: 85).

Осы мысалдардағы *айыр тұяқ, шөп жеуші, күйісті хайуан, ет қоректі* сол XX ғасырдың бас кезінде жасалған терминдер қатарына кіреді. Кейінгі кезеңдерде бұл атаулар біршама өзгерістерге ұшырады, жетілдірілді. Сол жетілген, биология тілінде қалыптасқан терминдердің жасалуына осы алғашқы атаулар негіз болды. Мәселен, *ет қоректі* үлгісімен – *етқоректілер, жыртқыштар (мясоядные, хищники), сүтқоректілер (млекопитающие), шөпқоректілер (травоядные)* қалыптасса, *күйісті хайуан* – *күйіс қайыратын жануарлар (жвачные животные), айыр тұяқ (парнокопытные) – ашатұяқтылар (жүптұяқтылар, айыртұяқтылар)* болып өзгерді. Бұлар – қазіргі биология терминологиясының қайдан бастау алып, қалай дамығанынан хабардар ететін тіл деректері. Өткен ғасыр басында қазіргі «аша тұяқ» – «айыр тұяқ», ал «шөп қоректілер» – «күйісті хайуандар» – «күйіс қайыратын хайуандар» – «шөп жеуші» деп аталған. Кейінгі терминдер олардан тым алшақ кетпеген, алғашқы тәжірибе кейінгі атауларды жасауда

ескерілген, сабақтастық көрініп тұр.

А. Байтұрсынұлының өзге еңбектерінде де *қой, ешкі, жылқы, түйе, сиыр* сияқты төрт түлік пен *ит, мысық* тәрізді баршаға белгілі үй жануарларынан бастап, *сары шымшық, сауысқан, құзғын, торғай, арыстан, маймыл, шошқа, аю, көртышқан, қантесер, түлкі, қасқыр* және одан өзге де аң-құс, бақа-шаян, құрт-құмырсқа атаулары да молынан ұшырасады. Мұндай атаулар қазақ тілінде бұрын да болған, өткен ғасыр басында да қолданылған, қазір де сол қалпында қолданылады. Сондықтан ондай атауларға көп тоқталмадық.

Ал XX ғасыр басында жасалған аң-құс, жануар атауларының сол кезеңдегі және қазіргі қолданысын, олардың жаппай қолданысқа енген-енбегендігін мына кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Аң-құс, жануарлар атауларының XX ғасыр басындағы және қазіргі қолданысы

Таблица 1 – Употребление названий птиц и животных в начале XX века и в современном казахском языке

Table 1 – The Use of Bird and Animal Names in the Early Twentieth Century and Contemporary Kazakh Language

<i>Орысшасы</i>	<i>А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлы</i>	<i>Қазіргі қолданысы</i>	<i>Ескертпе</i>
гну, полосатый гну	шұбар өгіз	гну, антилопа гну	қолданылмайды
дятел	тоқылдақ, тоңқылдақ	тоқылдақ	XX ғасыр басында <i>тақ-тақ, тоқылдауық</i> деген атаулары да болған.
гремучая змея	салдырлауық жылан	сылдырмақты жылан	қолданылмайды
ехидна	мысқыл кірпі	ехидна	қолданылмайды
жираф	керік	жираф, керік	қолданылып жүр
зебра	жолақ құлан	зебра, ала құлан	қолданылмайды
зебу, горбатая корова	өркешті сиыр	зебу, өркешті сиыр	жарыса қолданылады
колибри	көбелек құс	колибри	қолданылмайды
лемминг, пеструшка	шұбарша	лемминг	қолданылмайды
морская корова	су сиыр	стеллер сиыры, теңіз сиыры	Қазір гиппопотам (бегемот) «сусиыр» деп аталып жүр.
носорог	мүйізтұмсық	мүйізтұмсық	қолданысқа енді
райские птицы	бейіс құсы	жұмақ құстары	қолданылмайды
сунс	сасықша	сунс	қолданылмайды
ткач (ткачиловые)	тігінші құс	тігінші құс, тігінші құстар	«Тігінші құстар» түр атауы ретінде жиі қолданылады.
утконос	үйректұмсық	үйректұмсық	қолданысқа енді
чёрный лебедь	қара ку	қара аққу	«Аққу» үлгісімен «қарақу» деп қолданылса, ку түрлері мағыналық, құрылымдық тұрғыдан бір ізге түсер еді.
лирохвост	тармақ құйрық	құйрығы лира тәрізді торғай, желпуіш құйрықты, лирақұйрық	«Тармақ құйрық» – қайта жаңғыртып қолдануға болатын сәтті жасалған атау.

Қорытынды

XX ғасыр басында еңбек еткен қазақ оқығандары ғылымның түрлі салаларына тән арнаулы ұғымдардың атаулары – пән сөздерін де, жаңа пайда болған қарапайым ұғымдар мен тұрмыстық заттарды білдіретін жаңа сөздерді де жасады. Сөйтіп, олар қазақтың терминқорын да, жалпылексикалық қорын да ұлт тілі негізінде толықтырды, байытты. Алаш білімпаздарының терминжасам, сөзжасам тәжірибесі бұлармен де шектелмейді. Сол кезең оқығандарының ғылыми, әдеби, публицистикалық мұрасына үңіле түскен сайын білімпаздардың термин, сөз шығармашылығының жаңа қырлары ашылып жатыр. Солардың қатарына қазақтың көрнекті тұлғаларының қаламынан туындаған, өз еңбектерінде қолданылған өсімдік, аң-құс, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жабайы жануарлар мен балық атаулары да жатады. Біз бұл мақалада осылардың арасынан тек А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлының бірлесіп жазған еңбегіндегі аң-құс, кейбір

жабайы жануарлар жөнінде ғана сөз еттік. Сонда анықталып отырғаны:

Біріншіден, қазақ оқығандары XX ғасыр басында Азия, Африка, Америка, Еуропа, Аустралия аумағында мекендейтін аң-құс, жабайы жануарлардың қазақша атауларын жасаған. Олардың қатарына *шұбар өгіз, жолақ құлан, өркешті сиыр, су сиыр, мүйізтұмсық, мысқыл кірпі, шұбарша, сасықша, үйректұмсық, керік, салдырлауық жылан, көбелек құс, бейіс құсы* сияқты атаулар жатады. Бұлардың арасындағы *үйректұмсық, мүйізтұмсық, керік, өркешті сиыр, су сиыр* сияқты бірқатар атаулар сөздік құрамға еніп сөз қорымызды байытқан. Ал *сасықша, шұбарша, көбелек құс* сияқты бірқатар атаулар кең тарамай авторлық қолданыс ретінде қалып қойды.

Екіншіден, жерімізде мекендемейтін бірқатар аң-құс, жануар атауларын қазақ айтылымына бейімдеп, түпнұсқа атауды дыбыстық тұрғыдан өзгертіп қолданған. Олар *бұйбұл, бййзон, зуубір, иағұуар, ианот, нұма, тапыир, шақал/шағал* және т.б. Кірме сөздер мен терминдерді таңбалау мәселесі әлі де толық шешімін таппады. Сондықтан алаш оқығандарының бұл ұстанымдары кірме сөздерді игеру, олардың емлесін тұрақтандыру үшін қазір де маңызды.

Үшіншіден, XX ғасыр басында аң-құс атауларын жасауда сөз жасаудың синтетикалық, аналитикалық, семантикалық тәсілдерімен қатар *үйректұмсық, мүйізтұмсық, шұбар өгіз, өркешті сиыр, су сиыр, салдырлауық жылан* сияқты жаңа сөздер туғызуда калька тәсілінің өнімділік танытуы назар аудартады. Бұл өткен ғасыр басында қазақ оқығандарының калькалау тәсілін іске қосып, сөз шығармашылығында жиі пайдаланғанын көрсетеді.

А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлы сияқты қазақ оқығандарының қазақтың сөз қорын байытуға қосқан үлесі орасан зор. Сол себепті тілдің ішкі мүмкіндіктерін, лексикалық қоры мен сөз тудырушы жұрнақтарын, сөзжасам тәсілдерін ұтымды пайдаланып, оны іске қосудың үлгісін, төл тәжірибесін іздегенде XX ғасыр басында жарық көрген еңбектерді зерделеудің маңызы зор.

А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлы терминдерді қазақша жасауға басымдық бергені сияқты аң-құс, жануарлар атауларына келгенде де, алдымен, оларды ұлт тілінде жасап, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда шет тілі сөздерін қазақ тіліне бейімдеп алып отырған. Бұл істе олар 1924 жылы Орынбор қаласында өткен білімпаздар съезінде өздері ресми бекіткен ғылыми қағидаттарды басшылыққа алған.

Әдебиеттер

- Атаулар сөздігі. Сөздікті қазіргі жазуға түсіріп, баспаға дайындағандар: Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 184 б.
- Байтұрсынұлы А. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық, 3-том (Ахмет Байтұрсынұлы, Телжан Шонанұлы. Оқу құралы. Орта мектептің 3-4 жылдық оқу бағдарламасына арналып жазылған, Екінші басылым, Қызылорда, 1927). – Астана: Түркі академиясы, 2023. – 784 б.
- Досмұхамедұлы Х. Еңбектері: Үшінші том. Жануарлар. Алматы: Арыс, 2017. – 536 б.
- Кемеңгерұлы Қ. Қазақша-орысша тілмаш, Казахско-русский словарь (1925). – Астана: «Келешек-пресс», 2005. – 288 б.
- Қазақ сөздігі. Құрастырған: Уәли Н., Құрманбайұлы Ш., Малбақов М., және т.б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1487 б.
- Құнанбайұлы А. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 696 б.
- Қыз Жібек. Редакциясын басқарғандар: М.О. Әуезов және Н.С. Смирнова. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1963. – 338 б.
- Орысша-қазақша (қырғызша) қысқаша сөздік. Краткий русско-киргизский словарь (1906). Екінші басылымы. Сөздікті қазіргі жазуға түсіріп, алғы сөзін жазған: Ш.Құрманбайұлы. – Астана, 2005. – 112 б.
- Пән сөздері. Кирилл әлібиіндегі екінші басылымы. Құрастырған: Қаратышқанұлы Н. Кирилл әрпіне көшіріп, баспаға дайындағандар: Ш.Құрманбайұлы, О. Жұбаева. – Алматы: Ер-Дәулет, 2004. – 128 б.
- Сауранбаев Н. Орысша-қазақша сөздік. – Москва: Гос. изд-во иностранных и национальных словарей, 1954. – 935 с.
- Терминология мәселелері. 1-кітап. Құрастырған: Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева. – Астана: «ІС-Сервис» ЖШС, 2005. – 288 б.
- Шонанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, 2015. – 248 б.
- Юдахин К. Киргизко-русский словарь. 1 книга. А-К. – Фрунзе: Главная редакция, 1985. – 504 с.
- Ercilasun, A., Akkoyunlu, Z. Dîvânu Lugâti't-Türk. Ankara: TDK Yayınları, 2015. 995 s.

References

- Ataular sozdigi (2004) Qurast.: Sh. Qurmanbaiuly, O. Zhubaeva. Almaty: Sozdik-Slovar`, 184 b. [Dictionary of Names (2004) Compiled by: Sh. Qurmanbaiuly, O. Zhubayeva. Almaty: Sozdik-Slovar, 184 p.] (in Kazakh)
- Bajtursynuly, A. (2023) Shygarmalarynyng akademijalyq tolyq zhinagy, 3-tom. Astana: Turki akademijasy, 784 b. [Bajtursynuly, A. (2023) Academic complete collection of works, Vol. 3 Astana: Turkic Academy, 784 p.] (in Kazakh)
- Dosmuhameduly, H. (2017) Engbekteri, 3-tom. Zhanuarlar. Almaty: Arys, 536 b. [Dosmukhameduly, H. (2017) Works. Vol. 3. Animals. Almaty: Arys, 536 p.] (in Kazakh)
- Ercilasun, A., Akkoyunlu, Z. (2015) Divanu Lugati't-Turk. Ankara: TDK Yayınları, 995 s. [Ercilasun, A., Akkoyunlu, Z. (2015). Compendium of the Turkic Dialects. Ankara: TDK, 995 p.] (in Turkish)
- Kemenggeruly, Q. (2005) Qazaqsha-oryssha tilmash. Astana: Keleshek-Press, 288 b. [Kemengeruly, K. (2005) Kazakh-Russian Dictionary. Astana: Keleshek-Press, 288 p.] (in Kazakh)
- Oryssha-qazaqsha (qyrgyzsha) qysqasha sozdik. Kratkij rusko-kirgizskij slovar` (1906) Ekinshi basylymy (2005) Sozdikti qazirgi zhazuga tusirip, algy sozin zhazgan: Sh, Qurmanbaiuly. Astana, 112 b. [Short Russian-Kazakh (Kyrgyz) Dictionary. Second Edition. (1906). (2005) The Dictionary Rendered in the Modern Kazakh Script, with a Preface by Kurmanbaiuly, Sh. Astana, 112 p.] (in Kazakh)
- Pan sozderi. Kirill alipbiindegi ekinshi basylymy (2004) Qurastyrgan: Qaratyshqanuly, N. Kirill arpine koshipir, baspaga daiyndagandar: Qurmanbaiuly, Sh., Zhubaeva, O. Almaty: Er-Daulet. 128 b. [Terminological Dictionary. Second Edition in the Cyrillic Script (2004) Compiled by Karatyshkanuly, N. Transcribed into the Cyrillic Script and Prepared for Publication by Qurmanbaiuly, Sh. and Zhubayeva, O. Almaty: Er-Daulet. 128 p.] (in Kazakh)
- Qazaq sozdigi (2013) Qurastyrgan: Uali, N., Qurmanbaiuly, Sh., Malbaqov, M. zhane t.b. Almaty: Daur. 1487 b. [Kazakh Dictionary (2013) Compiled by: Uali, N., Qurmanbaiuly, Sh., Malbakov, M. et al. Almaty: Daur, 1487 p.] (in Kazakh)
- Qunanbaiuly, A. (1961) Shygarmalarynyng bir tomдық tolyq zhinagy. Almaty: Qazaqtyng memlekettik korkem adebiet baspasy, 696 b. [Qunanbaiuly, A. (1961) Complete Works in One Volume. Almaty: Kazakh State Publishing House of Fiction, 696 p.] (in Kazakh)
- Qyz Zhibek (1963) Qurast.: Auezov, M.O., Smirnova, N.S. Almaty: Qazaq SSR Gylym akademijasynyng baspasy, 338 b. [Qyz Zhibek (1963) Compiled by: Auezov, M.O., Smirnova, N.S. (1963) Almaty: Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 338 p.] (in Kazakh)
- Sauranbaev, N. (1954) Oryssha-qazaqsha sozdik. Moskva: Gosudarstvennoe izdatel'stvo inostrannyh i nacional'nyh slovarei, 935 s. [Sauranbayev, N. (1954) Russian-Kazakh Dictionary. Moscow: State Publishing House of Foreign and National Dictionaries, 935 p.] (in Russian)
- Shonanov, T. (2015) Shygarmalar zhinagy. 1-tom. Almaty, 248 b. [Shonanov, T. (2015) Collected Works. Vol. 1. Almaty, 248 p.] (in Kazakh)
- Terminologija maseleleri. 1-kitap (2005) Qurastyrgan: Qurmanbaiuly, Sh., Zhubaeva, O. Astana: IS-Service ZhShS, 288 b. [Issues of Terminology. Book 1. (2005) Compiled by: Kurmanbaiuly, Sh., Zhubayeva, O. Astana: IS-Service LLP, 288 p.] (in Kazakh)
- Yudahin, K. (1985) Kirgizko-russkij slovar`. 1 kniga. A-K. Frunze: Glavnaja redakcija, 504 s. [Yudakhin, K. (1985) Kyrgyz-Russian Dictionary. Book 1. A-K. Frunze: Main Editorial Office, 504 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 19.04.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 16.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.